

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
7М01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасына
Пікір

7М01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қажеттіліктерін және психология мен педагогика саласындағы заманауи үрдістерді ескере отырып әзірленген.

Бұл білім беру бағдарламасының негізгі бағыты ғылыми-зерттеу секторлары мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйелері үшін кадрлар даярлау арқылы еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Бағдарлама қоғамның қарқынды мәдени, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуына ықпал ететін, сондай-ақ өз бетінше ойлана алатын жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері, терең ғылыми және педагогикалық дайындығы бар мамандарды қалыптастыруға бағытталған.

ББ мақсаты-білім беру жүйесінің қазіргі жағдайында кәсіби психологиялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында педагогика және психология магистрлерін даярлау.

ББ міндеттері:

- педагогика және психология саласында ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру;
- магистранттың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- білім беру ортасының өзгеруіне бейімделу қабілетін дамыту;
- сыни ойлауы, коммуникативтік және кәсіпкерлік дағдылары бар шығармашылық көшбасшыны қалыптастыру.

ББ мазмұны білім алушыларға пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім жүйесін игеруге, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогика және психология саласындағы білім мен түсінікті көрсетуге, осы білім мен түсінікті кәсіби деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Элективті пәндерді қалыптастыру білім алушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін, сондай-ақ еңбек нарығының сұраныстарын ескеруге негізделген. Элективті пәндер каталогы және 7М01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы талаптарға сәйкес келеді және ішкі бірлік пен логикалық жүйелілік қағидаттарына негізделген.

Бағдарламаға «Жанжалтану», «Кәсіби іс-әрекеттегі психологиялық-педагогикалық коучинг», «Жоғары мектепте оқыту әдістемесі» сияқты маңызды және өзекті пәндер енгізілген.

7М01110 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистрлер кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- диагностикалық-оқушының тұлғасын, оқу, тәрбие және даму нәтижелерін зерттеу;
- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технологиялар негізінде оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру);

- басқарушылық-педагогикалық («субъект-субъект» өзара іс-қимылы, білім берудегі менеджмент);
- жобалық;
- ғылыми-зерттеу.

Осылайша, қарастырылып отырған 7M01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы «Педагог» кәсіби стандартына және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мамандықтың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, сондай-ақ еңбек нарығының талаптарын ескереді деген қорытынды жасауға болады.

Павлодар қаласының «№7 Жалпы орта
білім беру мектебі» КММ директоры



Handwritten signature

М.Б. Асаинов